

Түркістан облысының білім басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің
«Марал» бобекжай бақшасы

«Тәуелсіздік – ел тірегі!»



(«Құлыншақ» орта тобы)

Тәрбиешілер Қалиева. Д.

Нұрмаханова. Н.

2023 жыл

Тақырыбы: «Тәуелсіз елім - Қазақстан»
Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Қазақстан Республикасының рәміздерін таныстыру.

Көрнекілігі: Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суреттерін ілу. ҚР картасының суреті.

1. Гимн

(Барлығы орындарынан тұрып оң қолдарын жүректеріне қояды)

Тәрбиеші:

-Балалар біздің ұлтымыз кім?

Балалар:

-Қазақ.

Тәрбиеші:

-Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?

Балалар:

-Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші:

-Президентіміз кім?

Балалар:

-Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Тәрбиеші:

Балалар бүгін біз Қазақстанның тәуелсіздік алған күнін атап өтеміз.

16 желтоқсан Қазақстанның тәуелсіздік алған күні. Ол күнді біздер ерекше қуанышпен тойлаймыз.

Рәміздеріміз: Ту, Елтаңба, Гимн.

Ендеше өзіміз дайындаған әндерімізді Тәуелсіздік мерекесіне шашу етіп шашайық.

Патриоттық ән: «Көк тудың желбірегені»

Мемлекеттік рәміздерді балаларға таныстыру, әңгімелеу.

Тудың түсі көгілдір. Ортасында күн. Күннің астында қыран құс. Оң жағында қазақтың ою-өрнегі.

Елтаңбаның ортасында шаңырақ. Екі жағында тұлпар, жоғарғы жағында жұлдыз, астында «Қазақстан» деп жазылған.

Ойын: «Киіз үй»

Тапсырма: Елтаңбаның, тудың суреті беріледі. Балалар өздері қалаған (ермексаз, түрлі-түсті бояу, карандаш, түрлі-түсті қағаздар) алып суретпен жұмыс жасайды.

Тәрбиеші: Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

Тәрбиеші: Балалар, егер біз Отанымызды сүйетін болсақ, оның мемлекеттік тілін жақсы білуге міндеттіміз. Мемлекеттік тіліміз Қазақ тілі балалар.

Тәрбиеші:

Мен қазақтың биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мында бір тірілдім мәңгі өлмеске

Жаса – жаса мәңгіге туған елім.